

Қ. Н. Абуғалиев, Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі;

Е. В. Пенчуков, Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі;

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «зорлау» 120-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын қылмыстық құқық бұзушылықтардың аралас құрамдарынан ажырату мәселелері

Аннотация. Қоғам мен мемлекеттің негізгі заңы — Қазақстан Республикасының Конституциясы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық болып табылатынын жариялайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының «Адам және азамат» II бөлімі әрбір адамның өміріне, өз қадір-қасиетін қорғауға, бостандығына және жеке өміріне кепілдік береді. Ал, қылмыстық заңнаманың нормалары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше жағымсыз зардаптар келтіретін айтарлықтай қолсұғушылықтардан қорғайтын болғандықтан, оған ерекше көңіл бөлінеді. Жеке адам өміріне қолсұғу бағытындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірегейі — зорлау.

Мақалада ҚК «Зорлау» 120-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын қылмыстық құқық бұзушылықтардың аралас құрамдарынан ажырату мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: зорлау, жасөспірім, кәмелетке толмағандар, жыныстық қатынас, мәжбүрлеу, зорлық-зомбылық әрекеттері, кінәлі, жәбірленуші.

Зорлау мейлінше қауіпті және кең таралған жыныстық қылмыс болып табылады. Зорлау дегеніміз — ол әйелдің еркіне қарамастан немесе еркінен тыс күш қолдану, қорқыту не болмаса жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалану жолымен жүзеге асырылатын әйел мен еркектің жыныстық қатынасы.

Қазақстан Республикасы ҚК «Зорлау» 120-бабының құрамымен аралас құқық бұзушылықтар құрамына төмендегілер жатады:

– 121-бап. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері;

– 122-бап. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау;

– 123-бап. Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету;

– 124-бап. Жас балаларды азғындық жолға түсіру.

Зорлаудың (ҚК 120-б.) құрамы сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер құрамынан (ҚК 121-б.) төмендегідей ажыратылады:

1) *қылмыстық құқық бұзушылық объектісі бойынша:*

– зорлаудың (ҚК 120-б.) тікелей объектісі әйел адамның жыныстық еркіндігі мен жыныстық тиіспеушілігі болады, яғни зорлау кезінде жәбірленуші тек әйел ғана болады;

– ал, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттеріндегі (ҚК 121-б.) жәбірленуші әйел де, еркек те болады.

2) *қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы бойынша:*

– зорлауда (ҚК 120-б.) іс-әрекет тек табиғи түрдегі жыныстық қатынаспен жасалады (вагиналдық жыныстық қатынас);

– ал, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінде (ҚК 121-б.) іс-әрекет табиғи емес сипаттағы жыныстық қатынаспен жасалады (оральдік, анальдік жыныстық қатынастар) немесе жәбірленушіге күш көрсетіп не қауіп төндіріп не болмаса оның (еркектің немесе әйелдің) дәрменсіз күйін пайдаланып жасалатын сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттермен жүзеге асырылады;

– зорлауда (ҚК 120-б.) жыныстық қатынас гетеросексуалдық түрде, яғни кінәлі адам мен жәбірленуші әртүрлі жынысты (еркек пен әйел) болады;

– ал, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінде (ҚК 121-б.) жыныстық қатынас гетеросексуалдықпен қатар гомосексуалдық түрде де (бірдей жыныстылар) болады.

3) қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі бойынша:

– зорлау (ҚК 120-б.) субъектісі ер жынысты адам ғана болады;

– ал, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінде (ҚК 121-б.) ер жынысты, әрі әйел жынысты адам болады.

Сонымен қатар күш көрсетіп гомосексуалдық жыныстық қатынас жасауда (кінәлі де, жәбірленуші де бірдей жынысты болған жағдайда) не табиғи емес түрде (оральдік, анальдік) күш көрсетіп жыныстық қатынас жасауда не болмаса әйел адаммен күш көрсетіп жыныстық қатынас жасауда ер адамға қатысты Қылмыстық кодекстің «Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері» 121-бабы бойынша жауаптылыққа тарту ісі қозғалады.

Егер кінәлінің іс-әрекетінде әр мезгілде зорлау мен сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің белгілері болса, онда жасалған іс-әрекетті ҚК 120 және 121-баптарының жиынтығы бойынша саралауға тура келеді.

Келесі мәселе — көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған зорлау құрамын (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚК 122-б.) құрамынан ажырату:

1) қылмыстық құқық бұзушылық объектісі бойынша:

– көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған зорлаудың (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) тікелей объектісі кәмелетке толмаған әйел жынысты адамның жыныстық тиіспеушілігі, яғни мұнда жәбірленуші он сегіз жасқа толмаған кәмелетке толмаған әйел адам;

– ал, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауда (ҚК 122-б.) жәбірленуші ер адаммен қатар әйел адам да болады, тек шарты — он алты жасқа толмаған болуы керек.

2) қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы бойынша:

– көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған зорлауда (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) жыныстық қатынас жәбірленушінің еркіне қарсы жасалады;

– ал, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауда (ҚК 122-б.) жыныстық әрекет жәбірленушінің ерікті келісімімен немесе тіпті оның бастамасымен де жасалады;

– көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған зорлауда (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) жыныстық қатынас жәбірленушіге немесе басқа адамға күш көрсетумен не қауіп төндірумен немесе жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалана отырып жасалады;

– ал, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауда (ҚК 122-б.) кінәлі адам тарабынан күш қолдану немесе қауіп төндіру болмайды;

– көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған зорлауда (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) жыныстық қатынас табиғи түрде жасалады;

– ал, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауда (ҚК 122-б.) жыныстық қатынас жасаудағы әрекет

табиғи түрде, әрі табиғи емес түрде (оральдік, анальдік жыныстық қатынас), сонымен қатар сексуалдық сипаттағы басқа да әрекеттермен жасалады.

3) қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі бойынша:

– **көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған зорлаудың (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) субъектісі еркек жынысты адам ғана болады;**

– ал, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚК 122-б.) субъектісі еркек жынысты, әрі әйел жынысты да адам болады.

Зорлау (ҚК 120-б.) құрамын жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚК 123-б.) құрамынан ажырату:

1) қылмыстық құқық бұзушылық объектісі бойынша:

– **зорлаудың тікелей объектісі әйел жынысты кәмелетке толмаған адамның (яғни жәбірленуші тек әйел адам ғана болады) жыныстық еркіндігі немесе жыныстық тиіспеушілігі болып табылады;**

– ал, жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр етуде (ҚК 123-б.) жәбірленуші еркек, әрі әйел жынысты да адам болады.

2) қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы бойынша:

– **зорлауда (ҚК 120-б.) жыныстық қатынас жәбірленушіге немесе басқа адамға күш көрсетумен не қауіп төндірумен немесе жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалана отырып жасалады;**

– ал, жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр етуде (ҚК 123-б.) бопсалау, жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігі бар мүлкін құрту, бүлдіру немесе алып қоюмен қорқыту қолданылады;

– **көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған зорлауда (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) жыныстық қатынас табиғи түрде жасалады;**

– ал, жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр етуде (ҚК 123-б.) кінәлінің мәжбүрлеуге (жәбірленушінің еркі мен моральдік қарсылығын басуға) бағытталған әрекеті табиғи түрде, әрі табиғи емес түрде (оральдік, анальдік жыныстық қатынас), сонымен қатар сексуалдық сипаттағы басқа да әрекеттермен жасалады;

– **зорлаудың аяқталу сәті жыныстық қатынастың басталу сәтінен бастау алады;**

– ал, жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүрлеудің (ҚК 123-б.) аяқталған сәті мәжбүрлеуге бағытталған (көндіру, талап ету, бопсалау, жәбірленушінің материалдық немесе мүлікті құрту, бүлдіру немесе алып қоюмен қорқыту) әрекеттерді жасаудың басы болып табылады.

3) қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі бойынша:

– **зорлаудың (ҚК 120-б. 3-б. 3-т.) субъектісі еркек жынысты адам ғана болады;**

– ал, жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүрлеудің (ҚК 123-б.) субъектісі еркек жынысты, әрі әйел жынысты да адам болады.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасы ҚК 120-бабындағы зорлауға қатысты құқық бұзушылықтар құрамы өзге аралас құрамды құқық бұзушылықтардан ара жігі жоғарыдағыдай ажыратылады. Мұндай жіктеушіліктің аталған баптарда көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауда маңызы зор.